



ӘКІМДЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

тұрғындардың тұрмысын жақсартудың нақты индикаторлары бойынша бағаланатын болады

5

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ

Астанада Көшпенділер ойынының «ізі» қала ма?

6

ПАРИЖ–2024



Төртжылдықтың басты додасы:

ЕЛДОСЫМЫЗ ЕРЛЕДІ!

7

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

«YOUTH NOMADS» ЖОБАСЫ:

Алматыда базар жастары арасында ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтеді

Бүгін Алматы қаласында базар жастары арасында «YOUTH NOMADS» ұлттық спорт түрлерінен фестиваль өтеді.

Аталмыш жоба Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырылуда. Шараға қаламыздың 40 базарының жастары қатысады және қазақ күресі, арқан тартыс, қол күрес, асық ату және қой көтеру секілді спорт түрлерінен бақ сынасатын болады.

Сайыстың негізгі мақсаты – базар жастары арасында ұлттық спорт түрлерін насихаттап, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №60 (6511) 30 шілде, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



МЕМОРАНДУМ

ӨҢІРАРАЛЫҚ КООПЕРАЦИЯ

Алматы мен Шығыс Қазақстан облысы ынтымақтастықты кеңейтуде



Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен өңір басшысы Ермек Көшербаев бірнеше бағыт бойынша өңіраралық кооперацияны күшейтуде келісті. Кеңесте Алматы мен Шығыс Қазақстан облысының екіжақты экономикалық байланыстары мықты екендігі атап өтілді. Мәселен, 2023 жылы өзара сауда көлемі 30 млрд теңгеден асты. Алайда, тараптар өңірлер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың әлеуеті айтарлықтай кеңейтілуі мүмкін екенін атап өтті.

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

30.07.2024

Түнде:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+36 °C
Көшпелі бұлтты, күннің аяғында өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, күндіз екпіні 18м/с

31.07.2024

Түнде:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 15м/с

www.almaty-akshamy.kz



СӘТСІЗ АЯҚТАЛҒАН САПАР

26 шілдеде Израильдің премьер-министрі Биньямин Нетаньяхудың АҚШ-қа жасаған ресми сапары аяқталды. Ол 24 шілдеде Конгресстің бірлескен отырысында сөз сөйледі. Кейін АҚШ президенті Джо Байден, вице-президент Камала Харрис және экс-президент Дональд Трамппен кездесті. Израиль үкіметі басшысының мұхит асуы мен негізгі саяси ойыншылармен екіжақты кездесулер өткізуінің саяси астары тереңде. Ендеше, Таяу Шығыстағы геосаяси жағдайға тоқталайық.

Сайлау алдындағы әбгерлік

АҚШ-тың саяси жүйесінің басты ерекшелігі қоғамдық пікір мемлекеттік саясатқа тікелей әсер етеді. Саясаткерлердің бұған еті үйреніп алған. Бұл, әсіресе, сайлауалды науқанда айқын көрінеді. Сондықтан сайлауға түсуші үміткерлер мен оның жақтастары қоғамдық пікірді бақылап, оған құлақ түріп, сайлауалды бағдарламасын жасайды. Кейде қоғамдық пікірге манипуляция жасап, өз мүддесіне сай ырқына бағындырады. Құрама штаттардың саяси жүйесінің мұндай ерекшелігін өзге мемлекеттер, сарапшылар мен халықаралық саясаткерлер біледі. Олардың қатарында Израильдің премьер-министрі Биньямин Нетаньяху да бар. Оның мұхит асып ресми сапармен келуінің де астарында осы жатыр.

Демократиялық партиядағы қарбалас Израиль премьерінің сапарын өзекті ете түскенін атап өткен жөн. 21 шілдеде президент Джо Байден сайлауға түсуден бас тартқанын мәлімдеді. Ол вице-президент Камала Харресті қолдап, демократтар атынан үміткер ретінде ұсынды. Дегенмен, кім үміткер атанатыны 19–22 тамызда өтетін демократиялық партия

съезінде белгілі болмақ. Қазірше вице-президенттің партияшілік бәсекеде жеңіске жету мүмкіндігі жоғары.

Осындай саяси қарбалас кезінде Б.Нетаньяху ресми сапармен келді. Себебі, сайлаудан кейін АҚШ-тың сыртқы саясатында тактикалық өзгеріс жасалуы мүмкін. Басты сұрақ 5 қарашада кімнің жеңетінінде болып отыр. Алдағы демократтар съезінде К.Харрис үміткер ретінде сайланса, АҚШ Израильге қатысты саясатын қатаңдата түспек. Мұны оның қазіргі мәлімдемелерінен байқауға болады. Вице-президент Израильдің Газа секторындағы әрекеттерін сынауда. Оның айтуынша, соғыс әрекеттерін дереу тоқтатып, гуманитарлық дағдарыспен күресу қажет. Сондай-ақ, Палестинаның егемендігін мойындауға шақыруда. Қазіргі президент Джо Байден былтырдан бері екі орындыққа отыруға тырысты. Бір жағы Израильдің Газа секторындағы бейбіт азаматтарға қарсы әрекеттерін айыптаса, екінші жағынан оларға саяси қолдау көрсетті.

26 шілдеде Б.Нетаньяху К.Харриспен кездесу өткізді. Онда ХАМАС және Газа секторы жайлы осы уақытқа дейін айтқан мәлімдемелерін қайталап, соғыс



(Дереккөз: Reuters).

әрекеттерін тоқтатуға шақырды. Сол күні Нетаньяху Джо Байденмен де кездесті. Алайда, АҚШ президентімен кездесуден оң нәтиже шығара алмады.

27 шілдеде Израиль премьері республикалықтардан үміткер экс-президент Д.Трамппен кездесті. Трамп кездесуде К.Харристің Газа туралы мәлімдемелерін айыптады. Екі саясаткер арасындағы қарым-қатынас бұрыннан жақсы болмаған. 2020 жылы сайлауда Б.Нетаньяху Джо Байденді қолдаған. Дегенмен, Трамп осыған дейін және кездесу барысында әріптесі жайлы жылы сөз айтты.

Б.Нетаньяху тығырыққа тірелді

Қалай дегенмен де, Израиль премьерінің АҚШ-қа сапары сәтсіз аяқталды. Себебі, оған ішкі және сыртқы саяси жағдай қарсы болып отыр. 2026 жылы кезекті парламент сайлауы өтеді. Израильдің парламенті Кнессет деп аталады. Соңғы сайлау 2022 жылы болған. Онда Лукуд пар-

тиясы парламенттік көпшілікке ие болды. Сондықтан партия өкілі Б.Нетаньяху премьер атанды. Алайда, соңғы жылдары оның саяси ықпалы төмендеп отыр. Бұған Газа секторындағы соғыс себепші.

2023 жылы 7 қазанда ХАМАС Израиль жеріне шабуыл жасады. Израиль жауап ретінде әскери қимылды бастады. Осылайша соғыс әрекеттері әлі жалғасуда. Соғыс әрекеттері басталғаннан жаңа жылға дейінгі уақытта премьердің төңірегінде Израиль халқы ұйысты. Алайда, биыл жағдай өзгерді. Себебі, әскери әрекет кезінде палестиналық бейбіт азаматтар зардап шеге бастады. Тіпті, 20 мамырда Халықаралық қылмыстық соттың прокуроры Б.Нетаньяхуды тұтқындау туралы ордер шығарды. Ордер ХАМАС-тың да радикалды өкілдеріне берілгенін ескерген жөн.

Б.Нетаньяхудың АҚШ-қа ресми сапармен баруындағы басты мақсаты – келесі сайлауда да премьер-министр болу. Ал соғыс ұлтты ұйыстырып, саяси ұпай

жинаудың таптырмас құралы. Оның партиясы Лукудтің де мүддесі осы. Алайда, партия ішінде оған қарсы оппозиция болуы мүмкін. Лукуд қазіргі премьер министрдің беделі түскенін сылтауратып, парламенттік сайлаудан кейін оның орнына өзге үміткерді ұсынуы мүмкін.

Осылайша Нетаньяхуға ішкі және сыртқы қысым жоғары. Бір жағы БҰҰ-ның мүшелерінің басым көпшілігі Израильдің Таяу Шығыстағы гуманитарлық дағдарысты тоқтатуын талап етіп отыр. Екінші жағынан оппозицияның талаптары, тіпті өз партиясы ішіндегі қарсылық бар. Мұның бәрі оны сырттан қолдау іздеуге мәжбүрлеуде.

АҚШ – Израильдің басты стратегиялық серіктесі. Ол өз мақсатына жету үшін тіпті екі қарсыласушы партияның көңілін табуға тырысты. Сондықтан 24 шілдеде Конгресстің бірлескен отырысында сөз сөйледі. Алайда, оншақты демократтар оған бойкот жариялап, отырысқа қатыспады. Олардың ішінде К.Харрис те бар. Қорыта айтқанда, Израиль премьерінің ресми сапары сәтсіз аяқталды деп қорытындылауға болады. Себебі, кездескен саясаткерлердің ешқайсысы оны ашық қолдайтынын мәлімдемеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

«АЛМАТЫ ЖАЗЫ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЭСТАФЕТАСЫ



Алматыда «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Алматы жазы» ауқымды экологиялық эстафетасы өтіп жатыр.

Досбол
АТАЖАН

Көктемде басталып, 400 мыңнан астам қала тұрғыны қатысқан «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны «Алматы жазы» экоакциясымен жалғасты. Қаланы көріктендіру бойынша ауқымды акция аясында субұрқақтар, өзендер, су айдындары мен жағалау аймақтары тазартылды.

Бүгінде мегаполисте табиғатқа, жалпықалалық нысандарға ұқыпты қарау мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған экологиялық іс-шаралардың жаңа кезеңі өтуде. Жаз күндері адам жиі баратын жерлерге – тауға, өзен жағалауларына, саябақтар мен скверлерге ерекше назар аударылады.

«Алматы жазы» экологиялық эстафетасы Медеу шатқалындағы сүйікті демалыс орнынан басталды. Мұнда белгілі спортшылар Дмитрий Баландин, Ерлан Тілеуімбетов, Салтанат Қазыбаева, Дәулетбек Елхан, Михаил Бабаев және тауды жақсы көретіндер қоршаған ортаны ретке келтіріп қана қоймай, қонақтарға көпшілік баратын орындағы мәдени мінез-құлық туралы айтып берді.

Содан кейін комьюнити-орталықтардың резиденттері қатарындағы жастар және белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарына баратын аға буын өкілдері күш біріктіріп, Үлкен Алматы өзенінің жағалауын тазартты. Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарына келушілер қатарынан барлығы 80-ге жуық зейнеткер және «Жасыл ел» мен комьюнити-орталықтарының 120 мүшесі жиналды.

Табиғатқа, жалпықалалық нысандарға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған экологиялық іс-шаралардың жаңа кезеңі нысандарының бірі Мақатаев атындағы сквер. Қаланың белсенді тұрғындары, олардың арасында «Даму бала» шығармашылық және



спорт секциясына баратын балалар сквер аумағын тазалап, шөбін шауып, тал-шілікті кесіп, ақынның ескерткішін жуып тазартты.

Сонымен қатар, балалар үшін скверде ашық аспан астындағы кітапханада дәріс өткізілді. Оқушыларға буккроссинг туралы айтылды, сондай-ақ Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизм тақырыбында отандық авторлар жазған кітаптар ұсынылды.

Сондай-ақ, экоэстафетаға «Таза Қазақстан» республикалық акциясын қолдау үшін скверге арнайы келген қазақстандық эстрада жұлдыздары қатысты. «Алматы жазы» экоэстафетасының келесі пункті Наурызбай ауданындағы Сақ қорғандары кешені болды, онда қаланың этномәдени орталықтарының, шығармашылық зиялы қауымның өкілдері және белсенді қала тұрғындары скверді тазартты. Қаланың коммуналдық қызметінің күшімен көше жиназдары, шағын сәулет нысандары ретке келтірілді, ағаштар мен бұталар кесілді. Даму

бала үйірмесіне қатысатын балалар пленэрде Қазақстанның туған өлкесі мен табиғатын бейнелеген.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Күлқенов ұрпақтар сабақтастығының және өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстанның әсем табиғатын ақындар жырға қосқан. Біздің ата-бабаларымыз шөпті таптауға, суды лайлауға болмайды, керісінше айналамыздағы табиғатты қорғау керек деді. Қазір біздің соған орала бастағанымыз қуантатын. Бұл саябаққа ата-әжелер мен немерелер ағаш суару және серуендеу үшін келеді. Алматы ерекше қала, егер біз әрбір ағаш пен гүлді қорғасақ, онда ол әлемдегі ең керемет қала болады. Енді біз тұрғындарға ыңғайлы болу үшін қаламыздың инфрақұрылымын жақсартуымыз керек. Сақ қорғандары қасиетті орын және оны міндетті түрде таза ұстау керек», – деді Мереке Күлқенов.



ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі қызметінің мәліметтері мен талдаулары жарияланды

- Жыл басынан бері Қазақстан бойынша 570 млрд теңгеге 40 жаңа жоба іске қосылып, 6,9 мың тұрақты жұмыс орны ашылды.
- 2024 жылдың соңына дейін шамамен 1,4 трлн теңгеге 180 жобаны іске қосу және шамамен 17,4 мың тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарлануда.
- Биыл Ақтөбе облысында тоқылмаған материалдар өндірісі, экструзиялық геосинтетика өндірісі, сондай-ақ Атырау облысында полипропиленнен қапшықтар мен пленкалар өндіру секілді жаңа жобаларды белсенді түрде іске асырылып жатыр.
- Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, қазіргі таңда елде 442 металлургиялық компания жұмыс істейді, оның ішінде 26-сы – ірі кәсіпорындар. Аталған салада жұмыс істейтін азаматтардың жалпы саны шамамен 85,6 мың адамды құрайды.
- 2024 жылдың қаңтар-мамыр айларында химия өнеркәсібінің негізгі капиталындағы инвестиция 68,4 млрд теңгені құрады.
- Алғашқы жартыжылдықта Қазақстанда 9 жаңа шағын кәсіпорын ашылды.
- Машина жасау: инвестициялық ынтымақтастық және өндірісті жаңғырту. 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында Қазақстандағы өнеркәсіп өнімінің көлемі 814,4 млрд теңгеге жетті. Осы кезеңде барлық типтегі 62 435 автокөлік, оның ішінде тіркемелер мен жартылай тіркемелер, 57 055 жеңіл автокөлік және 1090 автобус шығарылды.
- Барлық автомобиль өнеркәсібі мекемелері ірі тораптық жинақтаудан ұсақ тораптық жинақтауға көшті, автомобильдер мен кабиналардың дәнекерлеу және бояу бойынша заманауи технологиялық операцияларын қолдануда. Жеңіл автокөлік өндірісімен айналысатын барлық зауыттар халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи жоғары технологиялық жабдықтармен, оның ішінде роботталған жүйелермен қамтамасыз етілген.
- Корея Республикасының \$7,53 млн көлеміндегі грантымен лифт өнеркәсібі үшін сынақтық R&D орталығын құру туралы келіссөздер хаттамасына қол қойылды. Бұл жоба инновациялық технологияларды енгізуге және шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға бағытталған.
- Үкіметтің 2024 жылға арналған экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша іс-қимыл Жоспарын іске асыру аясында 50 млрд теңге көлемінде мемлекеттік инвестициялық ұсыныс әзірленді.
- Жиһаз өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі алғашқы 4 айда 31,2 млрд теңгені құрады. Салаға 1,6 млрд теңге көлемінде инвестициялар тартылды.
- 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында жеңіл өнеркәсіп өнімінің көлемі 95,7 млрд теңгені құрады. Жеңіл өнеркәсіптің негізгі капиталындағы инвестициялар 4,2 млрд теңгені құрады.



БІЛІМ БЕРУ: ЖОБАЛАР МЕН БАҒДАРЛАР

Еліміздің Оқу-ағарту министрлігі білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды жалғастыруда. Білім беру инфрақұрылымы дамуда, цифрлық технологиялар енгізілуде, балалардың құқығын қорғау және қауіпсіздігін арттыру шаралары күшейтілуде. Білім беру саласының негізгі көрсеткіштері қандай?

ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНЫҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

27 мың – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАҢА ОРЫН

91,5% – БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУМЕН ҚАМТУ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылғы маусымға қарай Қазақстан мектептерінде интернет сапасы үш есе жақсартылды.

Барлық мектеп оқулықтары цифрлық форматқа көшірілді және 11 платформада қолжетімді.

Білім беру ресурстарының қолжетімділігін арттыру үшін eGovMobile мобильді қосымшасында «Bilim» жаңа сервисі іске қосылды.

Орта білім туралы аттестатты, техникалық және кәсіптік білім туралы дипломдарды қоса алғанда, электронды үкімет порталында цифрлық құжаттардың тізбесі кеңейтілді.

Бүгінгі таңда Оқу-ағарту министрлігінің қарамағында 22 мың білім беру ұйымы бар, оның ішінде 11,5 мыңнан астам балабақша, 8 мың мектеп және 700 колледж жұмыс істеп тұр. Білім алушылардың жалпы саны – 6 млн, ал педагогтар саны – 600 мыңға жуық.

Бірінші жартыжылдықта 27 мыңға жуық жаңа мектепке дейінгі орындар ашылды, бұл – балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуға 91,5%-ға дейін ұлғайтуға ықпал етті.

Қала мен ауыл арасындағы білім беру мүмкіндіктеріндегі алшақтықты азайту үшін жаңа оқушы орындары енгізілуде.

Жыл сайын 1 мың ауыл мектебі жаңғыртылады және роботты техника, химия, биология, физика және STEM-зертханалар бойынша заманауи пәндік кабинеттер сатып алынады.

Инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептердің үлесі 88%-ға дейін артты, ал балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту 80%-ға жетті.

Колледж студенттерінің тұрғын үй жағдайы жақсаруда. Еліміздің өңірлерінде 2,6 мың төсек-орынға арналған 11 жаңа жатақхананың құрылысы жүргізіліп жатыр, бұл студенттердің 85%-дан астамын үй-жаймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың құқығын қорғау – мемлекет үшін басым міндеттердің бірі.

Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдердің мәртебесі заңнамалық түрде бекітілді, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсететін арнайы бағдарлама қарастырылған.

18 психологиялық қолдау орталығы ашылды. Балалардың құқығы бұзылған жағдайда жедел ден қою үшін ескертусіз жоспардан тыс тексеру мүмкіндігі енгізілді және балалардың құқығын қорғау саласындағы бақылау функциялары кеңейтілді, «111» байланыс орталығы іске қосылды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Тәлімгерлік институты енгізіліп, қамқоршылық органдары қызметкерлерінің штаты 46%-ға ұлғайтылды.

Білім беру ұйымдары қауіпсіздік жүйелерімен алғаш рет барынша жарактандырылды. Оларда өртке қарсы және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары күшейтілді, атап айтсақ: дабыл түймелері, бейнебақылау жүйелері, турникеттер және лицензияланған күзет қарастырылған.

Биыл балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру тәсілі алғаш рет өзгертілді. Бірыңғай талаптар енгізілді.

2024 жылы Қазақстанның Оқу-ағарту министрлігі Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жаңа моделін бекітті.

Қазақстандық оқушылар Сингапур, Қытай және АҚШ-тағы роботты техника бойынша халықаралық чемпионаттарда ерекше жетістікке жетті. Лос-Анджелестегі Дүниежүзілік ғылыми және инженерлік көрмеде, Өзбекстандағы Авиценна атындағы Халықаралық математикалық олимпиадада және биология олимпиадасында, Грузиядағы қыздарға арналған халықаралық математикалық олимпиадада, Қытайдағы химия бойынша Халықаралық Менделеев олимпиадасында 100% нәтиже көрсетті. Еліміздің оқушылары Балқан түбегінің ең мықты жас математиктерінің үштігіне енді.

Оқушылардың осындай жоғары нәтижелері биылғы шілде айында биология бойынша әлемдегі ең беделді олимпиаданы Қазақстанда өткізуге ықпал етті. ИВО тарихында алғаш рет елордамызда ең көп қатысушы елдер бас қосты. Бұл – 81 елден келген 300 жас биолог. Еліміздің құрамасы қазақстандық білім берудің жоғары халықаралық имиджін тағы да растап, 100% медальдық есеп көрсетті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Primeminister.kz).



ЭКОЛОГИЯ

«Орта Азияны сусыз қалдыру бағдарламасы»

«Ғалым-технолог Алтай Айнабек – халықаралық климат өзгерту технологиясы саласының маманы. Ол Арал қаласында өткен «Қарақұм құрылтайы. Әбілқайыр ханның тарихи рөлі», «БҰҰ: Арал өңірі экологиялық инновация және технологиялар аймағы» деп аталатын екі күндік ғылыми-практикалық конференциялар қарсаңында келіп, өзінің климатты өзгертуге арналған жаңа технологиясымен экологияның эпиорталығында шілденің шіліңгірінде ай бойы жаңбыр жаудырғанын айтады.

Әлем назарын аударып отырған экологиялық өңір үшін бұл таңқаларлық дүние болды. Міне, бір айдан асты, маңай мол ылғалданып, құрап бара жатқан төңіректің өскініне жан бітіп, көгере бастағандай. Климаттық өзгеріс деген осы. Кіші Арал теңізі маңындағы қанша мың гектар жерге сексеуіл егілгенімен, тұрақты ылғал болмағандықтан, жұмсалған қыруар қаржы құмға сіңген сумен тең. Осыны да ойласақ, А.Айнабектің бастамасы арнайы мемлекеттік комиссия тарапынан жіті бақыланып, әділ бағасын алуы тиіс. Зергерлік жұмыс тәрізді ептілік пен епсектілікті қажет ететін жабдықтармен жұмыс істеу қаржылай қолдауды да қажет етеді». Бұл Арал өңірінен хат жазған «Тұран ойпаты – Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің заңгері Нұртуған Тұржановтың пікірі.

Арал маңындағы елдің жайын ойлап, тер төгіп жатқан маман-технологтар бірқатар құрылғыны осы аймақтың Қазалы ауданына да орналастырыпты.

Алтай Айнабек не дейді?

«Расы керек, кезіндегі көк теңіздің бір шеті осы аумақтағы Қызылдың құмына жақын Ұялы порты болған. Бұл жақта да жұмыс нәтижесіз емес. Бірінші кезеңде, яки бірінші онкүндікте бұлттарды, жауын-шашын деңгейін түсірдік. Біздің жұмысымыздың нәтижесінде Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен Аралдың оңтүстігіндегі Мойнақ жактарда он күндік жұмыс ішінде 100 пайыз жылдық жауын-шашын деңгейі көтерілгені жөнінде мәлімет бар. Бұл – 70 мың шаршы шақырым болатын Арал теңізінің аумағына 7 млрд шаршы метр су келеді деген сөз.



Құрылғымыздың бірін интернеті нашар, инфрақұрылымы мүлдем жоқ болса да, Қаратерең ауылы маңына, «Аралтұз» мекемесі жаққа қою қажет сияқты. Қазірдің өзінде интернеттің нашарлығына байланысты түнделетіп кезекшілікте жүрміз. Климаттық технологиялар – су қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең тиімді жол. Бұл технология көптеген мемлекетте енгізілген. Мен Орталық Азиядағы көптеген елдердің мемлекеттік шенеуніктерімен араласамын. Араласа келе, кейбір шенеуніктердің сыртқы күштерге жұмыс істейтінін ұғына бастадым (!). Өткен ғасырдың 60-жылдары поляк-американдық саясаттанушы Збигнев Бжезинскийдің «Әбжыланның құрығы» (Петля анаконды) кітабы жарыққа шықты. Кітап авторы кейін АҚШ президенті Джон Картердің кеңесшісі болды. Аталған автор әлдебір бағдарламаға қатысқаны бар. Бұл – Орта Азияны сусыз қалдыру бағдарламасы болатын.

Инженер-технологтың айтуынша, Құрама Штаттар әскері Ауғанстан жерінен шыққан соң батыстық үкіметтік емес ұйымдар Орталық Азия елдерін сусыздандыруға арналған жобасы – Коштепа каналын сала бастаған. Өріден бастасақ, түп бастауын Тянь-Шяньнан тартып, тәжік жерін кесіп өтетін Пяндж (өзбек жерінен бастап Өмүдәрия аталатын) – ағысы қатты өзен. 1996 жылы Түркістанның Таулы Бадахшан автономиялық округінде (орталығы Хорог қаласы) іссапарда болғанымызда, Памирдің тау-тасын жарып аққан нілдей көк түсті асау өзенді көргенбіз. Анадай арынды асау өзеннің Аралға жетпей сарқылып жатқанына таңымыз бар.

Зерттеушінің зерделеуінше, дәл осы күндері сол батыстық ҰЕҰ-дар Аралды «құтқаруға» тырысып, аздаған қаржысын да бөліп жатқанға ұқсайды. Мұнымен тоқталмай, Орталық Азиядағы суға қатысты көптеген жобаға да «атсалысуда». Алайда, олар бірнәрсені есептемегендей. Қазақтардың тарапынан климаттық технологияны, климаттық технологияның ішіндегі ең тиімдісі – аридтік аймақтың өзінде жауын-

КЛИМАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР су қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма?

Таяуда Әзербайжанның Шуша қаласында «Көлік, коммуникация және климаттық өзгерістерді бақылау арқылы баянды болашақ құру» тақырыбында өткен Түркі мемлекеттері ұйымы бейресми саммиті кезінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий мен Арал теңіздеріндегі экологиялық мәселелерді шешуде бірлескен күш-жігер қажет екеніне назар аударды. Әсіресе, Арал теңізінің құрғап, шөлге айналуы алаңдатарлық жағдай екенін атап айтты. Мемлекет басшысы: «Арал теңізінің құрғап, шөлге айналуы – алаңдатарлық мәселе. Экологиялық апатқа ұшыраған аймақты оңалту керек. Бұған қоса, трансшекаралық өзендердің су қорын тиімді пайдалану қажет. Ол үшін су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану керек», – деген болатын.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида МҰҢАЙТПАСОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің География және
табиғатты пайдалану факультеті метеорология және гидрология
кафедрасының аға оқытушысы:

АТМОСФЕРА АЙНАЛЫМЫ ДЕГЕН ТҮСІНІК БАР

Жасанды жауынға қатысты әдістен бөлек, дрон арқылы да бұлттарға сәулелендіру құралдарымен заряд беріп, майда бұлт тамшыларын жаңбырға дейін ірілетіп, жерге түсуіне жасайды тугызға болады. Қолдан жаңбыр жаудыруға тырысқан жерлесіміздің әрекетімен әлеуметтік желі арқылы таныспын. Жоба не авторы туралы ақпаратты білмеймін. Сондықтан ғылыми этика нормасын сақтай келе, пікір білдіруді жән санамаймын. Дегенмен, метеоролог маман ретінде мына деректі айта кетейін. Кейінгі кезде климат мәселесі – көпшілікті қызықтырып, ел назарын аударып жүрген тақырып.

Оның басты себебінің бірі – биыл еліміздің батыс өңірлеріндегі су тасқыны. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның хабарламасында 2023 жыл аспарты бақылаулар жүргізілген кезеңнен бастапқы ең жылы жыл болып саналды. Соның салдары ретінде тек бізде ғана емес, бірқатар шетелде орын алған су тасқынының куәсі болдық. Климат тақырыбына келетін болсақ, бұл салада климаттық жүйе ұғымы қолданылады. Демек, климат тек атмосферадан ғана емес, гидросфера, литосфера, биосфера сияқты бірнеше сфералар жиынтығынан тұрады. Сонымен қатар, климаттық жүйеде атмосфера айналымы деген түсінік бар. Атмосферада барлық үдеріс белгілі циркуляцияға сай үнемі айналымда жүреді. Осы табиғи су айналымы барысында конденсация, коагуляция үдерісі нәтижесінде атмосферада бұлт түзіліп, жаңбыр жауады.

шашын деңгейін көтеріп, су қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын технология шығатынын есептеген жоқ. Сондықтан бізге бірнәрсені ұғыну қажет, бұл реттегі бүкіл істі бірігумен шешу – ғылыммен ғана қарсы тұра алатын күшіміздің болуы», – дейді инженер-технолог.

Жаңбырдың жиі жауғаны жөн

Өткенде «Қазгидромет» қуаңшылық болады деген еді, енді жағдай реттелгендей. Алтай бір аптаға Арал қаласынан кетуіне тура келіп тұрғанын айтты. «БАӨ-ге, Сауд Арабиясына, Пәкістан мен Өзбекстанға, өзіміздің Астана мен Шымкент, Алматы қалаларына баруым керек, бірқатар келіссөз жүргізу керек болып тұр. Бұл елдер де Аралда болып жатқан өзгерістерді өз тарапынан бақылауда. Аралда осымен үшінші рет жобаға кірістік.

Халықаралық мұсылман елдерін азық-түлікпен қамтамасыз ету ұйымымен де жұмыс жүргізудеміз», – дейді Алтай бауырымыз.

Сонда «Жаздың басы тамшы тамбаған Аралда ай бойы жұмыс істеп, қажырлы еңбекпен апталап жаңбыр жауғыздың. Басталған ісіңе береке берсін!» дей келе, «Жасалған жұмыс жалғасын таба ма?» деген біздің сауалға: «Құрылғылар қалады. Команда жұмыс істей береді. Онлайн тәртіпте барлық жұмыс басқарылады. Климатты өстіп-өстіп үйретеміз. Аралдың климаты Алматының климатына айналады деп кім ойлаған? Алматы жайнап тұр, жап-жасыл. Ал мына жер енді-енді ылғалдана бастады. Жәйлап ретке келетін болады. «Циклондарды технология көмегімен ұзақ уақытқа ұстап тұруға ықпал етіп жатырмыз», – дейді климатты өзгертуге арналған жаһандық жаңа технологияны меңгерген Алтай Айнабек.

«Қазақта небір-небір мықты жігіттер бар ғой! «Арал маңына жаңбыр жауғызамын, теңіздің табанын ылғалдандырамын» деген Алтай Айнабекпен аз-кем әңгімелестік. Қазір температура біршама түсіп, жауын мөлшері едәуір артты. Арал маңы ылғалдандырудың алғашқы кезеңінен өтті деуге болады», – дейді «Тұран ойпаты – Арал теңізі» ҚБ-нің хатшысы Уәлихан Жұмағұлов.

Алдыңғы аптада Алматыда да жаңбыр жиіледі. Оқтын-оқтын нөсерлетіп, шілденің ыстығына салқын самал әкелді. Жамбыл облысы аймағында да күн аякасты түнеріп, нөсер жауын төпеледі. Желідегі жұрт: «бұған дәу де болса, Алтайдың қатысы бар» деген болжам айтты. Аралға жасалып жатқан тәжірибе оңтүстік өңірлерге әсер етуі мүмкін.

Қазақта «Көп түкірсе, көл болар» деген мәтел сөз де бар. Әзірге батыс аймақтар, Арал маңы жұртшылығы ми қайнатар ыстықта жаңа технологияның жетістігімен жауған жауынға дән разы.



Айнабай МӘДИ.



МЕМОРАНДУМ

ӨҢІРАРАЛЫҚ КООПЕРАЦИЯ

Алматы мен Шығыс Қазақстан облысы
ынтымақтастықты кеңейтуде

(Басы 1-бетте)

Тараптар ШҚО ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін талқылады. Алматы жылына 4,2 млрд долларға 1,8 млн тонна өнім тұтынады, оның шамамен 45%-ы импортталады.

ШҚО-да өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін Алматы тұтынушыларына жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында делдалдарсыз, мегаполис тұрғындарына өз өнімдерін ұсынуды және өздерінің желілік сауда нүктелерін құруды жоспарлап отырған компаниялардың шорт-парағы жасалады.

Мегаполис базарларында Шығыс Қазақстандық азық-түлік тауарларының өкілдігін кеңейту үшін Алматыдағы қолдау құралдарын пайдалануға болады. Мысалы, «форвардтық сатып алу» және «айналым заемдары» бойынша қаржыландыру арқылы. Қадамдық іске асыру жоспары 2024-2025 жылдарға арналған ынтымақтастықтың Жол картасына енгізіледі.

Бұдан басқа, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тежеу үшін «Алматы» ӘКК және «Ертіс» ӘКК бір-біріне сауда желілері мен Алматының азық-түлік нарықтарына өнім жеткізуге келісім-шарттар жасасу бойынша жәрдем көрсетеді.

Сондай-ақ, туристік кластер аясындағы өзара іс-қимыл мәсе-

лелері қаралды. ШҚО мен Алматы туристік көрікті жерлерімен танымал, оларға шетелдік қонақтар үшін бірыңғай туристік пакеттер түрінде бару жоспарлануда.

Кездесу барысында Алматы делегациясы цифрлық шешімдерді қолдануға, үлкен деректерді талдауға және пайдалануға негізделген қалалық жобаларды іске асыру тәжірибесімен бөлісті.

Сондай-ақ, Индустриалды аймақ пен шағын өнеркәсіп паркттерін дамыту тәжірибесі ұсынылды. Осы жылдың II тоқсанындағы жағдай бойынша Индустриалды аймақтың резиденттері 2 трлн теңгеге жуық өнім өндіріп, 54 млрд теңгеге жуық сомаға салық төледі. Сонымен қатар, қалада 4,4 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен шағын өнеркәсіп паркттерінің 37 жобасы іске асырылуда.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ШҚО-да ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ынталандыруға, өнеркәсіптік кәсіпорындардың кооперациясы мен екі өңірдің туристік операторлары арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шараларға бағытталған өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Алматы және ШҚО әкімдері бұл келісім екіжақты ынтымақтастықтың сапалы жаңа деңгейге шығуына ықпал ететініне сенім білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?



Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру арқылы елімізде өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде кеңес өткізді.

ӘКІМДЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

тұрғындардың тұрмысын жақсартудың нақты индикаторлары бойынша бағаланатын болады

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Олжас БЕКТЕНОВ,
ҚР Премьер-министрі:

НАҚТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІНЕ КӨШЕМІЗ

Мемлекет басшысының алдымызға қойған міндеті – еліміздегі өмір сапасын жақсарту. Тетік бар, мемлекеттік қолдау шаралары жұмыс істейді, мемлекет қажетті қаражатты бөледі. Біз әкімдердің адамдардың әл-ауқатын жақсартуға қосқан үлесін нақты бағалау критерийіне көшеміз. Индикаторлардың орындалу мониторингі тұрақты болады. Біз онлайн-режимінде динамиканы көріп, қорытынды жасаймыз.

азық-түлік өнімдерін сатып алуға, мүгедектігі бар адамдар үшін оңалтудың техникалық құралдарын сатып алуға атаулы көмек көрсету жөніндегі пилоттық жобаны, сондай-ақ ЖЖМ мен тауарлы газға бағаның өсуін өтеу мақсатында халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған ваучерлерді іске қосу қосымша пысықталуда.

Үкімет басшысы мемлекеттік органдарға әлеуметтік әмиянға және Цифрлық картаға түсетін деректердің өз саласы мен бағыты бойынша дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз етуді, «Әлеуметтік әмиян» жобасын кеңейтуді, заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу мәселелерін пысықтауды тапсырды.

Сондай-ақ, білім беру қыз-

меттерін көрсету сапасын арттыруға бағытталған «Мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыру» жобасы таныстырылды. «Ақша баланың соңынан жүреді» тұжырымдамасы мемлекеттік тапсырыс қаражаты ата-аналардың таңдауынан кейін ғана мектепке дейінгі ұйымдарға аударылатынын білдіреді. Бұл балабақшалар арасында бала үшін бәсекелестікті арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Оқу-ағарту министрлігіне Тараз және Шымкент қалаларында ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жобаны аяқтау және оны 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бүкіл ел бойынша таратуды қамтамасыз ету тапсырылды.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Бүгінде елімізде мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылғандар:

- Білім беру саласындағы жан басына шаққандағы қаржыландыру – 4,2 млн-нан астам бала;
- Жоғары білім алуға білім беру гранты – 692 мыңнан астам адам;
- Мәдениет және спорт саласындағы жан басына шаққандағы қаржыландыру – 250 мыңнан астам адам;
- Денсаулық сақтау жүйесіндегі жан басына шаққандағы қаржыландыру – 20 млн-нан астам адам;
- Тегін дәрі-дәрмектер – 2,1 млн-нан астам адам;
- Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік төлемдер – 732 мың адам;
- Балалары бар отбасыларға әлеуметтік төлемдер – 1 млн-нан астам отбасы;
- Атаулы әлеуметтік көмек төлемдері – 255,2 мың адам.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КЕЗЕК

«CARGORUQSAT»

шекарадан өтудің жеделдігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді

«Бүгінгі күні Қытаймен, Өзбекстанмен, Түркіменстанмен және Ресеймен шекарада «CarGoRuqsat» электрондық кезек жүйесі қолданылады. Қазақстан–Ресей шекарасында электрондық кезек 2023 жылғы қарашадан бастап кезек-кезеңімен енгізілуде және 7 өткізу пунктінде жұмыс істейді», – деп хабарлайды ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті.



(Дереккөз: zhts.kgd.gov.kz).

«CarGoRuqsat» шекарадан өту үшін электрондық кезекті алдын ала брондауға мүмкіндік береді, бұл оның өтуінің жеделдігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, «CarGoRuqsat» мемлекеттік органдардың 17 ақпараттық жүйесімен интеграцияланған, соның есебінен тасымалдаушылар айыппұлдар мен берешектердің болуы, тауарларды өткізу үшін тиісті құжаттарды ресімдеу қажеттілігі, т.б. туралы ақпаратты алдын ала алады.

«CarGoRuqsat» пайдалану қосымша арқылы да, интернет-браузер арқылы да қарастырылған.

Іске қосу басталғаннан бері Қазақстан–Ресей шекарасында

электрондық кезек жүйесі арқылы 13 мыңнан астам жүк автомашинасы өтті.

Жалпы, электрондық кезек жүйесі өзінің тиімділігін көрсетті және тасымалдаушылар оны оң қабылдауда. Оң нәтижелерді ескере отырып, Қазақстан–Ресей шекарасындағы қосымша 14 өткізу пунктінде «CarGoRuqsat» іске қосу жоспарлануда.

Электрондық кезек жүйесін басқа өткізу пункттеріне кеңейту үшінші елдерге халықаралық транзиттік тасымалдарды да қамтуға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭТНОСПОРТТЫҚ ШАРА



ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ

8–13 қыркүйек аралығында Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді

Түркі әлемі көз тіккен додаға қатысу үшін 90 елден өтінім келіп түскен. 2 мыңға жуық спортшы 21 спорт түрінен қатысып, барлығы 97 медаль жиынтығы ойнатылады. Қазір дайындық жұмыстарының финалдық кезеңі жүріп жатыр.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақ жері – көшпелі мәдениеттің «бесігі»

Дүниежүзілік көшпенділер ойыны 2014 жылдан бері төрт мәрте ұйымдастырылды. Шолпон-ата қаласы дүниежүзілік ойынды үш рет қабылдады. Үш мәрте Қырғыз Республикасында өтсе, екі жыл бұрын Түркияның Изник қаласында түндігі түрілді. Ол жарыста Қазақстан құрамасы 5 спорт түрінен (53 спортшы) қатысып, нәтижесінде 3 алтын, 3 күміс, 2 қола жүлде еншілеген еді.

Орта Азиядағы тарихи көшпелі халықтардың ұлттық ойындарына негізделген жарыс ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кіреді. Халықаралық этноспорттық шара осы он жыл ішінде әлемдік мәртебеге ие болып, уақыт өткен сайын ауқымы кеңейіп келеді. Алғаш рет қырғыз бауырларымыздың жеріндегі сайысқа 19 елден 10 спорт түрінен 583 спортшы қатысса, биыл 90 елден 2 мыңға жуық спортшы қатысу деген – осы сөзіміздің дәлелі. 2016 жылы – 62 елден 26 спорт түрінен 1200 спортшы, 2018 жылы – 82 елден 37 спорт түрінен 2000 спортшы, 2022 жылы Түркиядағы 4-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 102 елден 13 спорт түрінен 3 мың спортшы бақ сынады.

Биылғы жарыстың тағы бір ерекшелігі, Бруней-Даруссалам, Либерия, Венесуэла, Ирландия, Доминикан Республикасы, Гамбия сынды елдер алғаш рет қатысуға ниет білдірген. Әрине, 5 жарыс кезеңін қабылдаушы ел ретінде Қазақстан бекер таңдалмағаны анық. Себебі, қазақ жері – көшпелі мәдениеттің «бесігі». Ең үлкен құрама да Қазақстаннан қатысады. Ұлттық құрама сапына 272 спортшы тіркелді.

Адамзат өркениетінің мұрасы ретінде қалыптасқан көшпенділер ойынының мақсаты – ұлттық спорт пен этномәдениетті дамыту, мәдени мұраны сақтау, халықаралық ынтымақтастық және ұлттық спорт түрлерін танымал ету және жаңғырту. Дүниежүзілік ойындарды өткізу құқығы Қазақстанға берілгеннен кейін жарысты қабылдайтын елдердің тізімі кеңейді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Астанада Көшпенділер ойынының «ізі» қала ма?

Ойындар үш бағыт – спорт, мәдениет, ғылым бойынша өтеді. Шараны өткізу үшін қаланың 6 нысаны таңдалған. Олар: «Астана-Арена» стадионы, «Алау» мұз айдыны, «Қазанат» ипподромы, Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайы мен «Qazaqstan» Жеңіл атлетика спорт кешені және «Думан» кешені. Ойындар Қазақстанның Туризм және спорт министрлігі, ЮНЕСКО, Түркі мемлекеттерінің ұйымы және басқа да ұйымдармен ұйымдастырылып, «Ұлы дала дүбірі» ұранымен өтеді.

Дәл қазір дайындық қызу жүріп жатыр. Астанаға 100 мыңнан астам турист келеді деп күтілуде. Жарыстан кейін бас қаланың инфрақұрылымы қалай өзгереді немесе Астанада Көшпенділер ойынының «ізі» қала ма?

V көшпенділер ойындары Қырғызстан мен Түркиядағы жарыстардан ерекше болады. Себебі, әлемде этно бағыттағы жобалар көбіне табиғат аясында, таудың етегінде болса, биылғы ойындар заманауи спорт кешендерінде өтеді. Мәселен, жарыстың ашылуын «Астана Аренада», ал жабылуын «Қазанат» ипподромында өткізу жоспарланған.

Ресми мәліметтерге сәйкес, еліміздегі су тасқынына байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Көшпенділер ойынына деп бөлінген қаржы қысқартылған. Қазір ұйымдастыру жұмыстарына 5,6 миллиард теңге бөлінді. Бастапқы кезде бюджеттен 7,4 миллиард теңге қарастырылған еді. Арнайы жұмыс тобы құрылып, ұйымдастыру жағы жан-жақты сараланып, көшпенділер ойындарының негізгі бағдарламасы азайды. Спортшылар саны 4 мыңнан 2 мыңға қысқарды.

«Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы мықты ұстанымы елімізде ШЫҰ саммиті, ЕҚЫҰ, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайы, Astana International Forum және басқа да ауқымды халықаралық іс-шараларды өткізуге мүмкіндік береді. Өздеріңіз білесіздер, еліміз Азияда – 2011 және Универсиада – 2017 сынды ірі халықаралық спорттық жарыстарды өткізді. Әлемдік деңгейдегі жарысты өткізуде тәжірибесі бар. Сондықтан 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны ойдағыдай өтетініне сенім мол. Бұл жоба ортақ мәдени мұрасы бар елдердің жақындасуына ықпал етеді және Қазақстанды спорт, мәдениет және ғылым саласында Орталық Азияның жетекші өңірі ретінде танытуға көмектеседі. Көшпенділер ойынының «ізі» ретінде ғимарат салынбайды, бірақ ұлттық спорт музейі болып сақталады», – дейді V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекция басшысының орынбасары Мұратбек Қыпшақбаев.

Дирекция берген мәлімет бойынша, қатысушылар мен қонақтарды қабылдау үшін 21 қонақүй мен 343 көлік бірлігі жұмылдырылады. Ойындар кезінде 1000-ға жуық ерікті тартылады. Қазақстандық және шетелдік БАҚ-тың 1000-ға жуық өкілі қатысады деп күтілуде. Қазіргі уақытта 265 БАҚ өкілдерінен өтініш келіп түсті. Жарыстарға 370 төреші төрелік етеді. Ойындар туралы Ережеге сәйкес бір делегациядан 176 спортшы қатыса алады.

Алматы қаласы «Бәйге» федерациясының президенті Қуат Әшімұлының айтуынша,

қазір дайындық қызу жүріп жатыр.

«Ұйымдастырушы ел ретінде лайықты өнер көрсетуге тырысамыз. Ат спортының барлық түрі, бәйге мен жорыққа аттар мен спортшыларды іріктеп жатырмыз. 3 тамызда Павлодарда, 11-і күні Алматыда соңғы іріктеу турнирлері өтеді. Бәйге маусымы ашылғалы ұшқыр бәйге, құнан, топ, аламан бәйгені әр өңірде ұйымдастырдық. Содан болар, бәйгедегі бәсекелестік те ерекше. Ең мықты шабандоздар мен аттарды қатыстырамыз.

Халқымыз Дүниежүзілік ойындардың қазақ даласында өтуін көп күтті. Әлемдік дода елімізде өтетініне қуаныштымыз. Ат жалын тартып мінетін жастар көбейіп, ұлттық спорттың дамуына септігін тигізери анық», – дейді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан ЕРГЕШҰЛЫ,
Алматы қаласы ұлттық және ат спорты түрлері клубының басшысы:

Ұлы дала ойындары фестивалі өтеді

Дүниежүзілік додаға қатысатын Алматы қаласы делегациясының қатарында 10 елші мен бір батыр бар. Қазақстанның 20 өңірінен де дәл осылай елшілік құрам аттанады. Ал жарыстарға қатысу үшін Алматыдан әзірге, қазақ күресінен 2 спортшы іріктелді. Басқа спорт түрлері, оның ішінде ат спорты бойынша қаламыздан ешкім қатыспайды. Елшілердің міндеті – Көшпенділер ойынына дейін және одан кейін қазақтың ұлттық құндылығын, тұрмыс-салтын насихаттау.

Жарыстың концепциясы бойынша әр өңірден қатысатын батырлар су құйылған торсықты Астанаға жеткізеді. Ашылу салтанатында сол 20 батыр торсықтағы суды тайқазанға құяды. Ал жабылуында 6-Көшпенділер ойыны өтетін мемлекетке торсықты табыстайды. Бірлік керуенінде 3 киіз үй болады. Алматы керуенін 30 тамыз – Конституция күніне орай өтетін мерекелік шарада сән-салтанатпен шығарып салады. Батыр 3 қыркүйек күні, елшілер 8-і күні Астанада болуы керек. Сөйтіп, Көшпенділер ойындарының көші түзеледі.

Осы сенбіде Алматы ипподромында Ұлы дала ойындары ұлттық фестивалі өтеді. Жыл сайын күзге қарай, Республика күні қарсаңында ұйымдастыратын едік. Биыл Бүкіләлемдік ойындарға байланысты ертерек өткізейін деп отырмыз. Фестиваль бағдарламасында барлық ұлттық спорт түрі (12 спорт) – көкпар, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, құнан бәйге, аламан бәйге және тоғызқұмалақ, асық ату, қазақ күресі қамтылады.



ПАРИЖ–2024

ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ БАСТЫ ДОДАСЫ

Қазақстан намысын 80 спортшы қорғауда, оның ішінде 11 алматылық спортшы бар

Франция астанасы Париж қаласында XXXIII жазғы Олимпиада ойындары ресми түрде жалауын желбіретті. 26 шілде күні басталған төртжылдықтың басты додасы 11 тамызға дейін жалғасады. Қазақстан намысын 80 спортшы қорғауда, оның ішінде 11 алматылық спортшы бар.

Париж Олимпиадасының ашылу салтанаты жазғы Олимпиада ойындары тарихында тұңғыш рет стадионда емес, Сена өзенінің бойында өтті. Алматылықтар салтанатты рәсімді қаланың әр ауданында орнатылған үлкен LED-экрандардан тамашалады.

«Біздің спортшыларымыздың барынша табысты өнер көрсетіп, жүлделі оралуына тілектеспін. Олар Қазақстанның туын Париж төрінде көтереді деп сенемін», – деді алматылық тұрғын Әйгерім Маликова.



Алматылық мергендер топ жарды

Пневматикалық винтовкамен 10 метрден нысана көздеуден Қазақстан командасы Париж Олимпиадасының алғашқы жүлдесін еліміздің қоржынына салды.

Максимилиан Ульбрихтен басым түсті. Осылайша Ислам мен Александра тек қана Қазақстан құрамасының емес, осы Олимпиаданың ең алғашқы жүлдесін иемденді.

Айта кеткен жөн, Қазақстан нысана көздеуден 1996 жылдан бері алғаш рет олимпиадада жүлде иеленіп отыр. 1996 жылғы Атланта олимпиадасында Владимир Вохмянин тапаншамен 25 метрден атуда қола жүлде иеленген еді.

«Көңіл күйім керемет. Бұл мен қатысып жатқан алғашқы Олимпиада ойындары және қола медаль алдым. Тамаша емес пе», – деді Ислам Сәтпаев. Ал Александра Ле Олимпиадаға қатысуды армандағанын атап өтті.

Аралас командалық сында Ислам Сәтпаев пен Александра Ле алға Қытай мен Оңтүстік Кореяны жіберіп, іріктеуден үшінші болып өтті. Ал Константин Малиновский мен Арина Алтухова 27-орыннан көрінді. Кіші финалда қазақстандық мергендер Германия құрамасының спортшылары Анна Янсен мен

«Мен бұл спортқа келгенде Олимпиадаға қатысуды, онда ең үздік нәтиже көрсетуді армандадым. Бұл менің мақсатым, мен осыған сендім. Егер бар күшімді салсам жеңіске жететінімді білемін. Бүгін мен үшін сондай қуанышты күн. Жүлдемді мойныма таққанша асығып тұрмын», – деді мерген қыз.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мергендеріміз Ислам Сәтпаев пен Александра Лені Париждегі Олимпиада ойындарындағы қола медальдарымен құттықтады.

«Сіздердің еңбектеріңіз, спорттық шеберліктеріңіз лайықты марапатқа ие болды. Олимпиадада қола медальмен құттықтаймын. Қаланы әлемдік арнада таныс еттіңіздер. Сол үшін біз ерекше қуаныштымыз. Сіздерге одан әрі сәттілік пен жаңа жеңістер тілеймін. Алматы Сіздерді мақтан тұтады», – деді қала басшысы.

Олимпиаданың үшінші күні пневматикалық винтовкамен 10 метрден нысана көздеу бойынша іріктеуден өткен Александра Ле финалдық кезеңде өнер көрсетті. Қазақстандық мерген бұл жолы 6-орын алды.



Елдосымыз ерледі

Дүниежүзілік доданың алғашқы күні ерлер арасында 60 кг дейінгі салмақта бақ сынаған қазақстандық балуан Елдос Сметов Париж Олимпиадасының чемпионы атанды.

жекпе-жек түрлерінен қазақтан Олимпиада чемпионы шықты. Өте қуаныштымын! Өзімнің үшінші мүмкіндігімде чемпион атандым. Бұған дейін күмісті де, қоланы да алдым. Әлем чемпионы атандым. Халқымды қуантудан артық бақыт жоқ», – деді Елдос Сметов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жарыстан соң Олимпиада чемпионына хабарласып, телефон арқылы құттықтады.

«Дзюдошымыз Елдос Сметовті Париждегі Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алуымен құттықтаймын! Оның шеберлігі мен қайсарлығының арқасында Қазақстанның туы биікте желбіреді. Елдос мықты қарсыластармен күресте төртжылдықтың басты додаларында топ жарып, әлемнің үздігі атанды. Сіздің жеңісіңіз – біздің бүкіл халқымыздың жеңісі», – деп жазды Мемлекет басшысы X парақшасында.

Сметов жарыс жолында нидерландтық Торнике Тсакадоеаны, украиндық Дилшод Халматовты, тайпейлік Янг Юнг Вейді, испаниялық Франциско Гарригосты жеңді. Ал шешуі белдесуде алаң қожайыны француздық спортшы Лука Мхейдзени жеңіп, Қазақстан қоржынына алғашқы алтын жүлдені әкелді. Жерлесіміз бұған дейін Рио Олимпиадасында күміс, Токио Олимпиадасында жүлде жеңіп алған болатын. Айта кеткен жөн, бұл Париж жарысындағы алғашқы алтын ғана емес, Қазақстан тарихындағы дзюдодан алынған алғашқы Олимпиада алтыны.

«Мүмкін емес нәрсе жоқ. Соған көзім жетті. Егер ниет болса, бәрін де жеңуге болады. Бәрі де қолдан келеді екен. Жақсылық Үшкөмпіров атамыздың арманы орындалып,

Ғұсман қола қанжығалады

Ұлттық құрама дзюдошысы Ғұсман Қырғызбаев (66 кг) Париж Олимпиадасында қола медаль жеңіп алды.



болса еліме жүлде сыйлады. Бұдан артық бақыт бар ма?! Соңғы қарсыласым да оңай болған жоқ. Менен бойы да ұзындау екен. Осыған дейін осы балуандардан ұтылғандарым болған. Бүгін Олимпиада ойындарында есемді қайтардым. Медальға қол жеткіздім. Елімізге Париж Олимпиадасының үшінші жүлдесін сыйлағанымға қуаныштымын», – деді Ғұсман Қырғызбаев.

Парижде басталған әлемдік жарыстың екінші күні татамиге шыққан Ғұсман Қырғызбаев алғашқы үш белдесуінде испаниялық Давид Гарсия Торнені, Оңтүстік Корея балуаны Ан Ба Ульді, Валид Хярді жеңді. Дегенмен, жартылай финалда бразилиялық Виллиан Лимаға есе жіберді. Қола үшін күресте жерлесіміз сербиялық Страхиня Бунчичті жығып, Олимпиада жүлдегері атанды. Осылайша Ғұсман Қырғызбаев Қазақстан құрамасының қоржынына үшінші жүлдені салды.

«Жартылай финалдағы қарсыласымды да жеңуге болатын еді. Оның алдындағы үш белдесуімде кішкене шаршап қалдым. Не де

Париж Олимпиадасының қола жүлдегерін шаһар басшысы Ерболат Досаев құттықтады.

«Сіздің марапатыңыз – алматылықтар және жастар үшін мақтаныш әрі тамаша үлгі. Сіз Олимпиада ойындарында өз жолыңызды абыроймен жүріп өттіңіз, ел үшін аянбай шайқастыңыз. Алматылық спортшылардың қысқа мерзімде екінші медальді жеңіп алғанын атап өткен жөн. Сіз біздің құраманың даңқын арттырдыңыз. Тамаша нәтижемен құттықтаймын және сіздің спорттық мансабыңызда жаңа жарқын жеңістер тілеймін!», – деді Ерболат Досаев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ


Ислам Сәтпаевтың анасы Әлия СӘТПАЕВА:

– Мен түні бойы ұйықтамадым, уайымдадым, нәтижелері жарияланған кезде мен қатты қуандым! Ұлым медаль алады деп сендім, ол өте ынталы және еңбекқор. Отбасымызда ешкім спортшы болған жоқ. 7-сыныпта оқып жүргенде осы спортқа өзі барды. Олар Парижге дейін оқу-жаттығу жиындарына кетіп, сол жақта қонып, сол жақта өмір сүрді. Әрдайым жаттығумен жүрді. Дайындығы ойдағыдай өтті. Халін сұрап, хабарласқан кезде маған: «Анашым, уайымдама, бәрі дұрыс, дайындалып жатырмын» деп айтатын. Сосын ол Олимпиадаға жолдама алған кезде қатты қуанды. Париж ыстық дейді. Барлығы ұнағанын айтты. Жарыс алдында «күтіңіздер, бұйырса медальмен келемін» дегені бар.



Александра Ленің анасы Татьяна КОПЕЙКО:

– Мен әрқашан қызымның жеңісіне сендім, өйткені ол өте мақсатшыл. Ол он жылдан бері нысана көздеу спортымен айналысады. Оның ержүректік мінезі бар, әкесіне ұқсаған. Өкінішке қарай, ол Александраның 6 жасында дүниеден озды. Ол менің жалғыз балам. Қызым бүкіл әлемге танымал болатынын айтқан болатын. Ол дүниеге келгенде, біз оған бастапқыда Сандра деп айт қойғымыз келді. Бірақ соңында Александра болады деп шештік. Барша қазақстандықтарға, әрине, оның жаттықтырушысы Ольга Вячеславовна Довгунға қолдау көрсеткені үшін шын жүректен алғыс айтамын. Менің қызым – Қазақстанның нағыз патриоты.



Ғұсман Қырғызбаевтың әкесі Данияр ҚАЙЫПОВ:

– Дзюдо жарысының бірінші күні өте сәтті аяқталды. Елдос бауырым алтын алып келді. Екінші күні Ғұсман баламыз қола медаль алды. Олимпиадаға барар алдында «бұйырса, алтын әкелуге тырысамын» деп айтқан еді. Бірақ осы қола жүлде бұйырып тұр екен. Ол да бір үлкен жетістіктің бірі, қазақ халқының үмітін ақтады деп ойлаймын. Алда қатысатын қалған спортшыларымызға жеңіс пен сәттілік тілеймін!



Әзірлегендер Досбол АТАЖАН, Ернұр РЫСБАЙ.

БӘРЕКЕЛДІ!

«БІЛІМ КАБИНЕТІ» ашылды

Алматыда тәртіп сақшыларына арналған «Білім кабинеті» ашылды. Ендігі жерде сала қызметкерлерінің электронды түрде әдебиеттерге қол жеткізуіне болады. Аталған шараға Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы Арыстанғани Запбаров пен ҚР ІІМ тәрбие және кадр саясаты департаменті бастығының орынбасары Олжас Мырзабеков қатысты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арыстанғани ЗАПБАРОВ, Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы:

– Иә, қарбалас жұмыс барысында полиция қызметкерлері сүйікті кітаптарын, жаңа шығармаларды оқуға уақыт пен мүмкіндік таба бермейді. «Білім кабинеті» – көп функционалды ақпараттық, мәдени-танымдық оқу залы, сондай-ақ, онда стандартты бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған интерактивті тақта да бар. Жалпы, «Білім кабинеті» біздің қызметкерлерге электронды түрде әдебиеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл – қол жетімді әрі ыңғайлы. Ендігі жерде кез келген алматылық полиция қызметкері құпия сөз алғаннан кейін, цифрлық кітапхана қорын пайдалана алады. Біздің басты мақсат – жеке құрамның рухани тұрғыдан дамуы.

Сонымен, ендігі жерде шаһарымыздың тәртіп сақшылары Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, т.б. қаламгерлердің шығармаларын оқитын болады. «Білім кабинеті» арқылы көркем әдебиет, классикалық, деректі және арнайы әдебиеттердің бай мұрағаты бар кітапхана қорына қол жеткізетін болды. Сонымен қатар, кітапханада қазақ әдебиетінің детектив жанрының негізін салушы Кемел Тоқаевтың шығармалары да жинақталған.

ТЕГІН ОҚУ



Кәсіптік білімнің келешегі кемел

Биыл техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 145 мың талапкерді тегін қабылдағалы отыр. Осылайша оқу гранттарының саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр бөлінген грант саны 85 мың болған еді. Колледждерге құжат қабылдау басталғалы бері аспазшы, техниктер, электрик, құрылысшы, дәнекерлеуші және машинист мамандықтарына деген сұраныстың жоғары екені байқалады.

Сонымен қатар, автокөліктерге қызмет көрсету, соның ішінде автомобильдердегі электромобиль жабдықтарын жөндеу слесары біліктілігі бойынша, IT саласына, бағдарламамен қамтамасыз ету мамандығына, веб-дизайнер біліктілігіне де сұраныс көп.

Қазір колледждерде сапалы білім алып шығу үшін барлық жағдай жасалған. Осы техникалық кәсіптік білім беру ұйымы студенттерге тек теориялық емес,

тәжірибелік оқуды қамтамасыз ету үшін тіпті автокөлік сатып алған да оқу орны бар. Оқуды сәтті аяқтаған жастарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жоба іске асып келеді.

Қазіргі кезде көптеген колледждер жұмыс берушілердің тікелей тапсырысымен маман дайындайды. Осы тәсіл арқылы жыл сайын нарықта сұранысқа ие мамандықтарға 10 мың студент оқытылып отырады. Бұған қоса, мүгедектігі бар және

әскери борышын өтеп келген азаматтарға жеңілдіктер қарастырылған.

Соңғы үш жыл қатарынан колледждерге жұмыс берушілер тарапының өтініштері бойынша қабылдау жүргізіліп жатыр. Бұл ретте талапкерлер заңды өкілдері ата-аналар жұмыс берушімен келісім-шартқа отырып, колледжге өтініштер береді. Осы жоба бойынша 20 мың студент оқып жатса, биыл тағы 10 мың адамды қабылдамақшы. Жобаның ерекшелігі – оқу аяқталғаннан кейін дипломды маман өзінің еңбек өтілін аталған кәсіпорында атқарады.

Сондай-ақ, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің стипендиясы 31 мыңнан 43 мың теңгеге дейін көтеріліп отыр. Сәтін салса, алдағы 3 жылда жатақханадағы орын тапшылығы да жойылатын болады.

БРИФИНГ

Алматыда үш ауысымды мектеп жоқ



Елімізде әлі де апатты және үш ауысымды мектептерді азайту бағытында кешенді шаралар қолға алынып, қауырт жұмыс жүріп жатыр. Бұл мәселе Алматы қаласында оң шешімін тапқан. Шаһарда үш ауысымда мектеп жоқ. Дәл қазір елдегі 7700 білім ошағының қатары тағы да бірнеше қаржыландыру көзі арқылы жаңа білім ошақтарымен толығып жатыр.

Соның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңадан 369 мектеп салу жоспарланған. Сонымен қатар, жемқорлық арқылы жымқыры-

лып, кейін қайтарылған қаражат есебінен былтыр 36 білім нысаны бой көтерсе, биыл тағы 25-і пайдалануға берілгелі отыр. Бұған қоса, қолданылып жатқан ғимараттарды жөндеу жұмыстары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ, биыл 270 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Елімізде бүгінде қосымша білім беру орталықтарының саны да көбейіп жатыр. Мәселен, былтыр осындай 12 мекеме ашылса, алдағы 3 жылда тағы 89-ын салу жоспарлануда.

Биыл «Жайлы мектеп» жобасы аясында 369 мектеп, қайтарылған қаражат есебінен былтыр 36 мектеп бой көтерсе, биыл 25 мектеп салынып жатыр. Жалпы еліміз бойынша 2026 жылға дейін жаңадан 89 қосымша білім беру орталықтары пайдалануға берілуі тиіс.



Дереккөз: gov.kz

ГРАНТ



Шығармашылыққа шабыт керек

Биылғы бөлінген грант қатарында шығармашылық салада маман даярлауға 1600-ден астам білім беру гранты бөлініп отыр.

Шығармашылық мамандыққа мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу бойынша өткен отырыста сарапшылар тек еңбек нарығына қажетті мамандарды саралаған көрінеді. Есесіне, музыкалық театр режиссерлеріне, музыкатанушыларға, реставратор-суретшілерге және сценаристерге деген сұраныстың жоғары екені анықталған. Сонымен қатар, жаңа білім беру бағдарламаларын ашып, гранттар санын көбейту арқылы осы маман-

дықтар бойынша кадр даярлауға көңіл бөлу керек екені айтылды.


Жалпы, қазіргі таңда Мәдениет және ақпарат министрлігі еліміздің 10 оқу орнында шығармашылық мамандарды оқытады. Олардың 4-еуі колледж, жоғары оқу орны және 2 арнайы мектеп бар. Биылғы оқу жылына 895 – бакалавриат, 166 – магистратура және 26 докторантураға білім гранты бөлінді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

Мемлекеттік сыйлыққа биыл ұсынылған шығармалар ішінен төрт кітап қолыма түсті. Соның бірі – қазақтың аса дарынды ақыны Светқали Нұржанның «Көкірегім – көне кітап» атты жаңа жыр жинағы. Жасыратыны жоқ, төрт кітапты оқымаққа ықыластанған сәтімде-ақ мені айрықша қызықтырғаны да – Светқалидың сол туындысы. Оның себебі, «Сөзіне қарап кісіні ал» принципіне кереғар «Кісіге қарап сөз алу» ұстанымының да дұрыс екенінде болар. Өйткені, қазіргі қазақ ақындарының ішінде Светқалидың сойы бөлек. Несімен? Менімше, оның ең басты қасиеті – ел мен жер дегенде шығар жанының бөлектігінде. Ол тұрғыда осыдан екі жыл бұрын мемлекетімізге алапат қауіп төндірген «Қанды қаңтар» оқиғасы кезінде, әлеуметтік әділетсіздіктен ақылы қозданған аламанды арандаудан аман алып қалуға жанталасқан биліктегі азаматтар әрекетінен Светқалидың оза шыққан шерлі ақындығы мен шешендігін, қайсар қайраткерлігін еске алудың өзі-ақ жеткілікті. Ақынға тән басты қасиет – әуелі өз елі мен жерінің амандығы һәм тұтастағы үшін отқа да түсуге, оқты да құшуға даяр сондай жанпидалық қасиет боларға керек. Оны біз «Көкірегім – көне кітап» авторын мадақтау үшін айтып отырған жоқпыз, «Сөзің – Өзің, Өзің – Сөзің» қағидасы бойынша, ақынның айбарлы жаратылысына оның аталған еңбегінің де сайма-сай айбынды туынды екенін білдіру үшін айтып отырмыз. Өйткені, Өлең де өз иесіне тартып туады.



КӨКІРЕКТЕГІ КӨНЕ СӨЗДЕР СӘУЛЕСІ

Светқали – әнші-домбырашы өнерпаз ақын, шешендік эпик ақын, қазақтың болашағына алабөтен алаңдаулы «Асан-қайғы»-ақын, Ұлы Даламыздағы барша қасиетті ата-бабалардың аруағы мен олардың соңына қалдырған асыл сөздеріне мінәжет ету арқылы да «хақтықтың сәулесін» табуға құлшынған «дуана» ақын, жер-жердегі жас таланттарды көнедегі қазақ даналығының «әбілхатынан» сусындатуға ынтық ұстаз ақын, Жаратушыны тану жолындағы мистик ақын. Оның «ғаршыға самғардай аласұрған кезінде: балбал жырын жатқа айтқан шамдалдың сынып түсуі» де, «қайынның сөне қалуы» да, «Айдың сола кетуі» де; «тірі әруаққа шырақ жаға отырып, кеудесіндегі өлі рухты үрлейтіні» де; «өргенген сайын – күл емес, сәуле шашатыны» да; «Ай сәулесін соқпақ етер Сүлдеге айналуы» да; «Айдан алтын Басында жұлдыз шулап, «Құс Жолының» бойымен қаңғып бара жататыны» да; «күбір-күбір сөйлеген Қызыр-Далада, күздегі күрөңіткен ескі жұртта үнсіз өксіп отырған» оны «туған Айдың өз қауырсындарымен камқорлай қаусыруы» да; сонда «ескі хаттың мөріндей үшкілденген тырна тізбегінен тылсым үн ести қалатыны» да – өзінің сондайлық жан-жақты табиғатына орайғы ерекше «хал кешу» құбылыстары.

«Тылсым үн» демекші, Светқали өлеңдері басым көпшілігінің қандайда бір метафизикалық сипаттағы толқынысқа толы болатыны да, тебіреністің жоғарғы сфераларына көтерілген кездегі оның қайбір Ойларының оқырманды таң-тамаша ететін магиялық образдарға айнала кетуі де – хас дарынға тән қабілеттіліктен. Мәселен, «Мұса мен дәруіш» атты өлеңін алайық:
*Осындаймын кейде, енді...
Аңыздан көр бейнемді.
Топты жарып келдім де, Қалимолла Мұсаға:
«Мен Құдайды сүйем!...», – дедім, дар-дар жыртып жейдемді...
Қоршап тұрған айнала:
«Пайғамбарым не дейді?», – деп ынтықты ел.
Ал Пайғамбар былай деді жай гана:
«Жейдеңді емес, жүрегіңді жыртып кел!...».*

Ақын неліктен жүректі ерекше кепіет тұтады?

Себебі, тұла бойға қан жүгіртуші сорғы (насос) сипатындағы жүрегіңіз бірізетте, – Көңіліңіздің генераторы әрі трансформаторы. Ес-ақылыңызды «Бастағы Баққа» (Жұмақ Еске) я «Мандайдағы Сорға» (Тамұқ Еске) да айналдыра алатын сол Көңіл шіркінінің толқыны – сезім мүшелерінің патшасы ретіндегі жүректің толғанысынан пайда болатын парапсихологиялық-сенсорикалық айрықша қуат. Ал «сезім мүшелерінің бесеу

емес, он (10)» екенін» де, «жұмақтанған Естің Көңілді қайыра жұпарлап тұратынын» һәм «...Қош Көңіл → Жұмақ Ес → Қош Көңіл...» құбылысының мәңгілік Айланайын-Ойланайын кереметі» екенін де бабаларымыз баяғыда айтып кеткен. Сондайлық кемел танымдағы өзге қағидалар да – «Сөзтаным мен Бестаным (Өзтаным, Табиғаттаным, Күнтаным, Ғарыштаным, Құдайтаным)» деп атауға лайық алты ғылымның жиынтығы ретіндегі протооғыздық-протоқазақтық – ежелгі сакральді ілімнің постулаттары. Светқали поэзиясына тән өзіміз жоғарыда айтқан магиялық Ой-образдар – сол бағзы сөзтанымдық-бестанымдық ілімнің ұмыт болған көптеген қағидаларын өзге бір айланайын кейіпте қайыра жаңғыртып та жатады. Соған бір мысал:

«Келер ғасырлардың бірінде жүріп, бағзы заманда қойын дәптерімде жазылып қалған Жырды оқыдым:

*«...Аз ғұмырда – жеті рет – ақ үй, жеті рет қара үй тігілді Басыма!
Жеті қаттың қылауы қонды шашыма.
Империя мен диктатура көмді насына...»*

Енді Алланың Ақ Ордасын тігем – Айдың астына, Күннің қасына!...».
Осылай жазылған – бағзы Жырда».

Ол «Жырда» ақын ақпатшалық-қызылпатшалық орыс империясынан ғасырлар бойы қорлық көрген, қырғын тапқан және өз еліндегі автократиядан да сорлап қалған қазақтың жойдасыз трагедиясын не себепті сол қазақтың көнедегі космофилософиялық «Жеті қат Көк» (жеті Аспан; жеті жарық Дүние) танымна орай айшықтайды және сол трагедияның әлі тоқталмаған жойдауыт инерциясын неліктен «Ай астына, Күн қасына Алланың Ақ Ордасын тігу» арқылы тоқтатпак болады? Жауап – біреу: қазақ оқырманын тереңінен ойландыру үшін. Егер оқырман-қазақ тереңінен ойлана бастаса, бағзы қазақ космофилософиясының сегіздік жүйесіндегі «Шаңырақ»-Күн мен «сегізқыр Шартапар» «Сегізқанат Ақ Орда», «Сегізқырлы, бірсырлы Ер», «Сегізөрім камшы», «Сегізқырлы өткір Сөз» түрлерінде басталып беретін магиялық қағидалардың да қазақтың генетикалық жадында біртін-біртін тіріле бастайтынын Светқали ақын жақсы біледі. Автордың «Жастықтың жазғы жұртында» өлеңіндегі «Күн-Шаңырақ, уық-нұр» түріндегі бейнелі сөзі де – өзінің ежелгі кемел дүниетанымынан ажырап қалған бүгінгі қазақтың сансыраған санасына дем саларға аса қажет күнтанымдық һәм космоэтнологиялық сондай ежелгі информациялардың бірі.

Өлеңдегі «Жеті рет – ақ үй, жеті рет қара үй тігілді Басыма!» идиомасы «Ер жігіт өмірінде – үш ақ үй, үш қара үй тігеді»

таныммен де мәндес. Бұ Дүние, о Дүние және Түп Дүние үштігінің ол формуласы оқырманды сол үш Дүниеге қатысты басқа да үштік қағидалардың ортақ сырын танымдық ізденіске жетелейді. Мысалы, «Ат баспаймын деген жерін үш басады, Ер бармаймын деген жеріне үш барады», т.с.с.

Өз жыр жинағына «Көкірегім – көне кітап» деп ерекше ат қоюы да – Айт-Ман Нұржан шайырдың өз туған елі алдындағы перзенттік сондай ұлы миссиясының мәнісін дөп айғақтап тұрады. Ал ата-бабаларымыздың сөзтанымдық-бестанымдық көне ілімінде «Квинтэссенция мен төрт субстанция» таным негізіндегі керітрансформациялық бестік жүйе де бар. Ол жүйе бойынша анықталатын бестіктердің атаулары «Ер қаруы – бес қаруы», «Бес түлік», «Бес тас» түрінде басталып береді. Сол аналогиялық бестіктердің бәрі «Түптәңірлік Ес → Эманация → Уақыт → Қозғалыс → Кеңістік (Космос)» бестігі негізінен еш бұлжымайды.

«Бескүндік Жалған» аталмыш Жарық Дүниенің керітрансформациялық «Күн → Күн нұры → Ауа → Су → Топырақ (Жер) бестігі де, «Мандайдағы Бес елі Бақ» я «Мандайдағы бес елі Сор» деп те айтылатын адамдық Естің «Ес → ағымдағы Ой → Сөз → Іс-қимыл → Жүзе» бестігі де – сол «Тәңірлік Ес» бестігінен таралған аналогиялық бестіктер. Сондай бестіктердің бірі: «Ақиқат → Аңыз → Миф → Ертеке → Дін» бестігі. Светқалидың өз өлеңдерінде мифтік, ертектік, аңыздық, діндік тәмілдерді де көптеп қолданып қалуға ерекше құштарлығының мәнісі де сол бестік бойынша анықталмақ. Өйткені, «Ақиқат» бестігіндегі Ақиқаттың өзі – бабаларымыздың сөзтанымдық-бестанымдық ілімінің ақиқатын білдіреді. Яғни Ақиқаттың кертрансформациялық бестігі мынадай өрнек түрінде: «Сөзтаным-Бестаным ілімі → Аңыз → Миф → Ертеке → Дін».

Ол бестік керкеткен заманалар барысында Ақиқат ретіндегі Сөзтаным-Бестаным ілімінің жалғанданудағы керітрансформациялық төрт стадиясын дөп көрсетіп тұрады. Сондықтан Ақиқатты іздеген әр адам Аңыз бен Мифтен де, Ертеке пен Діннен де Ақиқаттың аман қалған элементтерін көптеп іздеп тауып, Сөзтаным мен Бестаным ілімін қалпына келтіруге тырысып бақпақ. Светқалидың өз өлеңдерінде аңыздық, мифтік, ертектік, діндік тәмілдерге сүйенуін біз оқырман ретінде сол тұрғыдан бағалаймыз.

Қалай десек те, ақын өз ойын оқырман қауымға көркемдеп ұсынуда Сөзтаным-Бестаным ілімі қағидаларына ұдайы жүгініп отырады. Оған «Көкірегім – көне кітап» еңбегінен көптеп мысал келтіруге болады. Алайда, газет редакциясының талабына

лайықталып жазылған осы шағын мақаламызда біз ондай мысалдардың екеуін ғана назарға алып, солардың көнедегі ілімдік негізін де мейлінше қысқа-нұсқа түрде интерпретациялауға мәжбүрміз. Айталық, жоғарыда келтірілген «Бескүндік Жалған» бестігі мен адамдық Ес бестігінің өзара сәйкестігінен «Ауа (Жел) мен Сөз» тектестігі де айқындалып шығады. Күні кешегі дулығалы жыраулар поэзиясынан кейін бірте-бірте ұмытылып кеткен «Тәңірі берген Жел-Сөз» танымның мәнісі де сонда. Ол таным – Жаратушы мен Періштелердің, Бақсылар мен Елтілердің Көріпкелдер мен Сүлейлердің «Басындағы Бағы (Жұмақ Есі) мен сол Бактан сөйленетін Жұпар Сөзі» трансценденттілігінің құпия коды іспеттес қастерлі таным. Басты бір формуласы: «Бас – Бақ, ауыз – дарбаза, Сөз – самал». Светқалидың сондай Жұпар Жел-Сөз туралы «Орап алды жұлдыздардың құйыны көкірегімнен қауыз жарған Самала», немесе, «Жынды құйын билеп жүр сақ-сақ күліп» түрінде жұмбақтап айтқан сөздері «Жел екеуміз» атты өлеңінде: «Бүлікшіл!» деп жатыр тағы ғайбаттап. Бар жазығы – жариядүр Жел ісі. Тығылып ап қалың қамыс ішіне, ішін тартып өксіп-өксіп алады ол» түрінде де жалғасады. Ал аталмыш жыр кітабының эпиграфы ретіндегі өлеңде ол құбылыс «...Мұны өйткені Ел оқиды – әуелі. Елден алып Жел оқиды – өлген соң...» түрінде көрініс береді.

«Бастағы Бақ» (Жұмақ Ес) демекші, Светқали шайыр «Ызғыштыру» өлеңінде: «Тек шындықты ескере жүр мына бір: Абыз келсе, – мыйдың ісі шығарын, доңыз келсе, – кыйдың ісі жұғарын!» деп, кемел адамдарға тән жұпарлы Жұмақ Естің самал Сөзі мен Қара (чернь; скот, черт, туловище) жаратылысына тән сасыған Тамұқ Естің мүнкір Сөзін салғастыра айтады. Ал Сөз – жасампаз да жойымпаз магия. «Нәғайып» өлеңінде Аңқып пісе жаздайды Сөздерім!» – деп жұпар сөйлейтін ақын – оқырмандар үшін де, жалпы, елдің бүгіні мен келешегі үшін де Сөзтаным мен Бестаным ілімінің басты құндылық екенін өзінің «Көкірегім – көне кітап» еңбегінде көркем де көсем жеткізуге ұмтылған. Ол туындының Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық екендігі де сол себепті.

Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМҰЛЫ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



«100 ЗАМАНАУИ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН САЛУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Айнұр ДАУЛБАЕВА,
Наурызбай аудандық Инновациялық орталық басшысы:

МАҚСАТ – ШЫҒАРМАШЫЛ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «100 заманауи Оқушылар сарайын салу» бағдарламасы ұлт болашағы жас буынның рухани, әлеуметтік, интеллектуалдық, физикалық, тұрғыдан дамуына игі ықпалын тигізетін басты құндылық. Осынау ізгі бастаманы жүзеге асыру мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласынан келген сапарында Наурызбай ауданында салынған «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығының» ашылу салтанатына арнайы қатысқан еді. Біз аталған Орталықтың басшысы Айнұр Мұратқызына жолығып, атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысқан едік.

инженерия» үйірмесінің мүшелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойына арналған «DigitalFarabi–2024» Халықаралық форумына қатысып, өздерінің ғылыми жобаларын қорғап шықты.

Сонымен қатар, көркем-эстетикалық бағыт бойынша қыш/мүсін шеберханасы, хореография, бейнелеу өнері, заманауи киім және этнодизайн, актерлік шеберлік, режиссура, халық аспаптар және вокал-хор студиясы, шешендік өнер үйірмелері, музыкалық-аспаптық бағыт бойынша домбыра, жетіген, кобыз, гитара, фортепиано, саксафон сыныптарының оқушылары оқу жылының аяғында есеп беру концертінде жыл бойы оқып, үйренгендерін көпшілікке көрсетті. Орталық оқушыларының «Тамсан» вокалды ансамблі, «Алем» би студиясы, «Жігер», «Шапағат» домбырашылар ансамбльдері бар. Экологиялық-биологиялық бағыт бойынша – аквапоника, гидропоника, заманауи бағбандық үйірмелері, спорттық бағыт бойынша – еркін күрес, бокс, дзюдо, каратэ, грек-рим күресі, тоғызқұмалақ, шахмат үйірмелерінің жұмысы да көңіл қуантады.

– Орталықтың жазғы жұмысы жайында да айта кетсеңіз...

– Жаз басталысымен «Алем» жазғы демалыс клубы өз жұмысын бастады. Бұл клубтың мақсаты – оқушылардың жазғы уақытын тиімді пайдалануға бағыттау. Оқушылар жазғы клубқа қатысу үшін Орталық әкімшілігіне өздері қалаған үйірмелерге қатысу үшін өтініш білдіріп, мүше болып тіркеліп, сабақтарына қатысады. Үйірме мүшесі болған оқушыға ешқандай шектеу қойылмайды. Олар аптасына қанша рет келемін десе де, өз қалауы біледі. Сондай-ақ, құжат толтыру талап етілмейді. Жазғы клуб бағдарламасы аясында көптеген үйірмелер жұмыс істеп, әрі түрлі мәдени шаралар өткізіліп жатыр.

Үйірмелердің үйретері көп

– Орталықтағы үйірмелер жұмысын тарқатып айтсаңыз. Олар қандай бағыттарды қамтиды?

– Орталықтағы үйірмелер негізінен «Smart kids» (ғылыми-техникалық), «Star kids» (көркем-эстетикалық), «Junior athletes» (спорттық), «Young researcher» (экологиялық-биологиялық) бағыттар деп бөлінеді.

Жаз бойы Орталықта мынадай үйірмелер жұмысын тоқтатпай жасап жатыр. Мәселен, робототехника «Scratch STEM», Робототехника «LEGO», «Python» бағдарламалау, «Өрнек» сурет салу студиясы, «Еркемай» би ансамблі, мүсін шеберханасы, көркем қыш өнері, «Сөз маржан» атты шешендік өнер мектебі, жас заманауи бағбаншы, аквапоника, актерлік шеберлік, журналистика, домбыра, фортепиано, вокал, заманауи киім дизайны, саксафон, қылқобыз, физика-инженерия, «Green tech» физика-химия, авиамодельдеу, «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойын үйірмесі, еркін күрес, бокс, дзюдо.

Үйірме жұмыстарынан бөлек тәрбиелік мәні бар түрлі мәдени-танымдық, патриоттық, эстетикалық, спорттық сегіз жоба әзірленген еді.

Осы жобалар аясында экскурсиялар ұйымдастырылып, шеберлік сабақтары, пленэрлар, концерт, кинотеатр, театрларға бару, әртүрлі спорттық жарыстар, ғылыми жобалар қорғау, жәрмеңкелер сияқты іс-шаралар өткізіліп жатыр. Мәселен, «Балалар және кино» жобасы бойынша Орталықтың концерт залында отандық кинофильмдер мен мультфильмдер көрсетілді. Оқушылар фильмдерді талдап, режиссерлер мен актерлердің қатысуымен көптеген шығармашылық кездесулер өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы бойынша мемлекеттік және жекеменшік музыкалық, драмалық, қуыршақ театрлары орталықта қойылымдар қойды. Сонымен қатар, орталықтың 100 оқушысына Н.Сап атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында өткізілген спектакльдерді тегін тамашалауға мүмкіндік жасалды. Театр басшылығына ол үшін үлкен рахмет айтамыз.

«Пленэрлер» жобасы бойынша «Менің сүйікті қалам», «Жазғы жанбыр» тақырыптық пленэрлер өтті. «Саз балшықтан бақыт құмырасын жасаймыз» жобасына балалардың сұранысы көп болғаны соншалық, күніне 100–120 оқушы, аптасына 550-ден аса бала

қатысты. Бұл оқушылардың қыш өнеріне деген айрықша қызығушылығының бірден-бір дәлелі. «STEM–лагерь» жобасы бойынша робототехникадан, бағдарламалаудан түрлі жарыстар ұйымдастырылды. Шеберлік сабақтар, техно квест, өзіңнің алғашқы мультигінді және ойыныңды құрастыр жобалары іске асырылып жатыр. «Эко-саяхат» жобасы бойынша «Көктөбе», «Алем» саябақтарына 200 оқушы тегін саяхат жасады. Алдағы уақытта «Ботаникалық баққа» саяхат жасауды жоспарлап отырмыз.

«Балалар және спорт» жобасы бойынша спорт күндері ұйымдастырылып, тәжірибелі жаттықтырушылармен шеберлік сабақтар ұйымдастырылды. Бокс, дзюдо, каратэдан жарыстар өткізілді. Үйірме мүшелері жаз айларында әртүрлі спорттық жарыстарға белсене қатысып жатыр. Жалпы, салауатты өмір салтын насихаттау біздің Орталықтың басым бағыттарының бірі.

Жазғы үйірмелерде «Мерекелер» жобасы бойынша «Балаларды қорғау күні», «Қазақстан Республикасының Рәміздер күні», «Өнерлі өрге жүзер» «Менің сүйікті дәрігерім» атты тақырыптық концерттер, сурет өнері көрмелері өткізілді. Бұл жас буынның патриоттық, танымдық әлеуетін арттыратын шаралар. Мұның бәрі балалардың демалысын әсерлі әрі қызықты етіп өткізуге бағытталған.

Әрбір оқушыға есігіміз ашық

– Айнұр Мұратқызы, сіз басшылық етіп отырған Орталық қаламыздағы жаңа аудан аумағына орналасқан. Бұл маңда жаңадан бой көтеріп жатқан үйлер өте көп. Халқының саны да басым. Айтыңызшы, Орталықтың жұмысына ата-аналардың көңілі тола ма?

– Өз басым осы қосымша білім беру саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келемін. Сондағы бір байқағаным – көбіне ата-аналар баласының пайдалы іспен айналысып, талантының ашылғанын қалайды. Біздің Орталықтың жұмысы туралы да көбіне ата-аналар оң пікір білдіріп жатады. Сөзіме мысал ретінде «Ақкент» ықшамауданының тұрғыны Назигүл Болаттың 3 баласы біздің Орталықтағы үйірмелерге қатысып жүр. Бұл ата-ананың 13 жастағы үлкен баласы Бейбарыс Жиембаев физика-инженерия және «Сөз маржан» үйірмесіне қатысады. Бейбарыс аптасына 6 күн келеді. Физика-инженерия үйірмесінің жетекшісі Сейдаз Талғат ағайдың жетекшілігімен жобасын қалалық байқауларда қорғап, жүлделі орындарға ие болды. Өзі Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінде (РФММ) оқиды. Физика-инженерия үйірмесіне қатысқаны ол үшін өте пайдалы. Мектепте теориялық тұрғыдан алған білімін осы орталықта тәжірибе жүзінде іске асырып, білімін шыңдайды.

Тоғызқұмалақ үйірмесі жылдам ойлануға, есепке жүйрік болуға ықпал етеді. Бала ойнап отырып дамиды. Бұл тамаша құндылық қой! Бір үйірме «Scratch» деп аталады. Тәлімгер-ұстазы Ермек Айдана ұлттық нақыштағы кейіпкерлер арқылы мультфильмдер жасауды үйретеді. Үйірмелер – оқушылардың ой-өрісі, қабілет, дарыны, икемі, дағды-машықтарын шыңдап, тұлға болып қалыптасуына айрықша ықпал ететін әрі бірін-бірі толықтырып тұратын құндылық орталығы. «Сөз маржаннан» танысқан ертегісінің кейіпкерін «Scratch» үйірмесі арқылы үйренген дағдысы бойынша компьютердің бағдарламасын пайдалана отырып, кейіпкерлерді жасайды. Үйірме жетекшілері оқушыларды зеріктіріп алмай, қызығушылықтарын арттыра отырып, оқытады.

– Сөз соңында Орталыққа баласын әкелгісі келетін ата-аналарға айтар кеңесіңіз...

– Біздің Орталыққа келіп, «үйренемін, оқимын» деп алдына мақсат қойған әрбір оқушыға есігіміз ашық. Осы ретте жаңа оқу жылында Орталыққа оқушыны қабылдау тәртібі туралы да айта кетсем деймін. Алдағы тамыз айының 19-ынан бастап қыркүйек айының 14-іне дейін bilimalmaty.kz порталы арқылы жаңа оқу жылына үйірмелерге тіркелу мерзімі басталады. Қажетті құжаттар: баланың туу туралы куәлігінің немесе жеке құжатының көшірмесі, баланың денсаулығы туралы №027 нысандағы медициналық анықтама, ата-ананың өтініші, одан кейін екі жақты келісім-шартқа қол қойылады. Әр оқушы екі үйірмеге ақысыз қатыса алады. Орталықтағы оқу қыркүйек айында басталып, мамырдың 25-жұлдызында аяқталады.

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.



Ата-аналарға да тиімді

– Айнұр Мұратқызы, әңгімеңізді Орталықтың атқаратын жұмысы мен педагогтардың міндетінен бастасаңыз...

– Иә, бұл күн тек қосымша білім беру педагогтарының ғана емес, аудан халқының есінде ұмытылмастай орын алды. Технологиялық базасы әлеуетті «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығы» – жаһандық цифрландыру дәуіріндегі жаңа ұрпақтың инновациялық мәдениетін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, тәуелсіз елдің білімді, жан-жақты тұлғасын тәрбиелеп шығару басты мұраты ретінде өз жұмысын бастады.

Жалпы, бұл Орталықтың басты мақсаты – халықаралық және қазақстандық стандарт талаптарына сай келетін, заманауи, сапалы қосымша білім беру, ең бастысы, ұлттық һәм жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техника жетістіктерін басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, жан-жақты дамыту және кәсіби тұрғыдан шыңдау. Аталмыш Орталық әрбір оқушының еркін шығармашылық жолды тандауына мүмкіндік жасайды. Ал педагогтардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі – өмірдің барлық саласында белсенді, жаңашыл ойлауға қабілетті, шығармашыл, еркін әрі жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Орталық ғимараты кең әрі жарық, заманауи үлгіде жабдықталған. Ата-аналарға да толық жағдай қарастырылған. Еліміздің болашағы білімді жастардың қолында десек, мемлекетіміз жасап отырған осындай мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, балаларымызға дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, олардың жан-жақты дамуына бірлесе ықпал етейік.

Ағымдағы оқу жылында 5000-ға жуық оқушы ғылыми-техникалық, биология-ботаникалық, көркем эстетикалық, музыкалық-аспаптық және спорттық бағыттар бойынша білім алды. Жалпы, бұл Орталықта 50 үйірме жұмысы жүйелі жолға қойылса, ішінде ғылыми-техникалық бағытқа басымдық беріліп отыр. Бұл бағытта робототехника, өнеркәсіптік дизайн, 3D модельдеу, сканерлеу және басып шығару, ұшақ модельдеу, виртуалды шындық, жаңартылатын энергия көздері, компьютерлік бағдарламалау сабағы, инженерлік сынып, физика, химия зертханалары, SDR бағдарламаланатын радио, фото және бейне өңдеу зертханасы, өнеркәсіптік дизайн үйірмелері өз жұмыстарын жүйелі түрде атқарып келеді. Олардың аз уақыт ішінде жеткен жетістіктерінің де аз емес екенін айтып өткен жөн. Мәселен, біздің Орталықтың «PID» командасы ағымдағы жылы Астана қаласында өткен «CAFS–2024» (Орта Азиялық First Championship) чемпионатына қатысып, жүлделі II орынды иеленді. Олардың Лондонға жолдама алғанын мақтанышпен атап өткеніміз абзал. Сондай-ақ, «Физика-





ӨТТІ, ДҮНИЕ...

ТАНЫМАЛ ТҮРКОЛОГ ӨМІРДЕН ӨТТІ



Белгілі түрколог ғалым, профессор, Орхон-Енисей руникалық көне жазбаларының танымал зерттеушісі, Түркі әлемінің көрнекті тұлғасы Қаржаубай Сартқожаұлы дүниеден өтті.

Мемлекет басшысы академик, белгілі түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлының отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті тарихшы, этнограф ғалым, шығыстанушы, «Құрмет» орденінің иегері, академик Қаржаубай Сартқожаұлының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Қаржаубай Сартқожаұлы бар саналы ғұмырын түркі дүниесінің тарихын түгендеуге, ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтуге арнаған зерделі ғалым болды. Ғылымға шын берілген қарапайым болмысымен бітімтас білгірі атанды. Іргелі еңбектер жазып, ұлагатты ұрпақ тәрбиеледі. Қарымды қаламгер ретінде оқырман қауымға ойлы шығармалар ұсынды. Соңына рухани мол мұра қалдырған Қаржаубай Сартқожаұлының жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», – деп жазылған жеделхатта.

«Жастайынан әйгілі академик Әлкей Марғұланнан бата алып, Түрік мемлекеттерінің көптеген ғалымдарына ұстаз болған танымал түрколог ғалымның дүние салуы – күллі Түркі ғылымы үшін орны толмас ауыр қаза. Қаржаубай Сартқожаұлы өмірінің соңына дейін қолынан қаламын тастамай, бар өмірін ғылымның дамуына арнаған азамат болатын.

Ғалымның «Түркі қағанаттары», «Байырғы түрік жазбаларының генезисі» туындылары, «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» үш томдығы, «Көне түркі жазба үлгілері: Орхон мұралары», «Үйсін хандығы», «Таста қалған тағылым», «Тас кітаптың құпиясы», «Записки казахского тюрколога» және «Баба тілінің байырғы мұрасы: зерттеулер» сынды өзге де іргелі еңбектері түркі ғылыми қауымдастығының жоғары бағасына ие болды.

Қаржаубай Сартқожаұлы – өмірінің соңына дейін қолынан қаламын тастамай, бар өмірін ғылымның дамуына арнаған нағыз

ғалым. Айбынды аталарымыз сияқты күндіз отырмай, түн ұйықтамай түрік ұлысы үшін еселі еңбек етті. Түркінің терең тарихының құпиясын ашып, байырғы бабаларымыздың руһын тірілтуге зор үлес қосты. Тарихи жадымызды жандандырып, түркілік санамызды сілкітті. Ағамыз түркілердің байырғы атақонысын да жылдар бойы зерттеп, әрбір тасын зерделеп, көптеген тарихи қорымдарға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді», – деп жазды ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев.

Марқұм астанамыздағы ұлттық пантеонға жерленді.

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы тарихи жадымызды жаңғыртып, түркілік санамызды сілкінткен ғалымның қазасына орай, Қаржаубай Сартқожаұлының отбасы мен жақын-жуығына көңіл айтады. Соңында мол рухани қазына қалдырған ғалымның аты мен жазған хағы түрік халықтарының жады мен жүрегінде мәңгі жасай береді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [aqshamnews.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 5 айға – 2680,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 5 айға – 3680,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 5 айға – 1680,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 16 шілде №3/373-1385

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 63 алынып тасталсын;
реттік нөмірі 74 келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

74.	«Qazaq Stroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-009-248	«Шұғыла» шағынауданы, 341 учаске	5,0350
-----	---	----------------	----------------------------------	--------

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ЖАРНАМА

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

ЖАСЫЛ ЕЛ

Жаз басталса, жігерлі жастар жұмыс іздей бастайды. Бұл, ең алдымен, өздеріне, сосын отбасына үлкен көмек. Сондықтан еліміз бойынша «Жасыл ел» бағдарламасы 2005 жылдан бастап қолға алынған еді. Ондағы мақсат – жасөспірімдер мен жастарды қоршаған ортаны қорғауға, еңбекке араластырып, табиғатты күтіп-баптауға баулу.

ҚАПШАҒАЙДЫҢ ЖАҒАСЫНДА
ТАЗARTY ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Осы ретте ағымдағы жылы Алматы облысы бойынша «Жасыл ел» еңбек жасағына 14 пен 35 жас аралығындағы 1000-нан аса жас сарбаз тартылып, маусымдық жұмыспен қамтылып отыр. Аталмыш жоба әлеуметтік осал, көпбалалы отбасылардың балаларын, NEET санатындағы жастарды қолдауға бағытталған. Алдағы екі ай көлемінде жас сарбаздар өңірді абаттандырып, өз өлкесін көгалдандырып қана қоймай, тиісті еңбекақысын алып, арнайы киімдермен қамтамасыз етіледі.

Осылайша облыс жастары «Таза Қазақстан» жалпыұлттық эко-науқанының аясындағы жұмысты жалғастырып, облыстың экологиясын жақсартуға үлес қоспақшы. Облыс әкімінің орынбасары Алмас Батанов «Жасыл ел» бағдарламасы жастар үшін өңірдегі ең табысты және ауқымды әлеуметтік жоба екенін жеткізсе, сарбаздар Қапшағай су қоймасының жағалауында тазалық жұмыстарын жүргізіп, демалушылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны ластамау бойынша ақпараттық түсіндірме акциясын өткізуге кірісіп кетті.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына:
8 707 862 30 08,
8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖОБА

Алматыда заманауи әдебиет әлемі мен технологияны ұштастырған жаңа жоба іске қосылды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

театр өнеріне де жетті



Демек, жасанды интеллект театр өнеріне де жетті. Ұйымдастырушылар бұл жобаның әлемдік баламасы жоқ екенін айтуда. Онда қазақстандық авторлардың туындылары мен жасанды интеллект арқылы жазылған шығармалар оқылады. Ал тыңдаушылар болса, сол мәтіндердің авторын табуы тиіс.

— Бүгін алғашқы қойылым сахналанады. 30 шақты көрермен күтіп отырмыз. Келешекте кем дегенде 100 адамды қамтитын шоу жасауды мақсат етеміз. Мұны тамыз айына жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, гастрольдік сапарларға шығу да ойымызда бар, — деді жоба ұйымдастырушысы Адиль Соло.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

КӨБІРЕК СУ ІШІҢІЗ

Аптап ыстықтан қалай сақтану керек?



(Сурет: ашық дереккөзден).

Синоптиктер осы жаздағы ауа райы 43 градусқа дейін көтеріледі деген болжам айтуда. Яғни алдағы уақытта аптап ыстық әдеттегідей қатты болмақ. Қалалық №8 емхана директорының емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары Гүлмира Байшолоқова аптап кезінде әр адам, әсіресе күн ысыса денсаулығы сыр беретін кісілер сақтауға тиіс ережелерді айтып берді.

● ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ:

- * Сағат 12.00 мен 16.00 арасында далаға шықпауға тырысыңыз. Ал сыртта жүруге мәжбүр болсаңыз, көлеңке тасалап, ара-тұра сәкіге отырып демалыңыз.
- * Түсі ашық, ыстықтатпайтын-терлетпейтін киім киіп жүріңіз.
- * Жағасы, белі қысатын киімнен бас тартыңыз.
- * Ет пен мал майын азырақ жеуге тырысыңыз. Сүт пен көкөністен жасалған тағамдарды тұтынған жөн. Рационыңыздағы ақжелкен, кинза, аскөкті молайтыңыз. Қатты тойып тамақ жеменіз. Тұзды азайтыңыз.
- * Көбірек су ішіңіз. Бірақ газдалған және өндірістік квастан пайда болмайтынын ескеріңіз. Ең жақсысы — таза су, морс, көк шай. Сонымен қатар, жебірішөп, жалбыз, мелиссаны қайнатып, тұндырып, лимон мен мұз кесектерін қосып ішу денсаулыққа пайдалы. Ал құрамында аз болса да алкогольі бар сыра, коктейль, шарап азаның сусыздануына әкелетінін естен шығармаңыз.
- * Жағажайда болғанда суға сүңгіп кетуге асықпаңыз. Дене температурасының күрт ауытқуынан жүрек шыдамай, талып кетуі ықтимал. Мұндай жағдай тіпті жас, сау адамда болуы мүмкін.
- * Күні бойы көшеде жүргенде бүріккішпен су себініп отыруға болады. Оның ішіне жылы су құйып алыңыз, салқын суға қарағанда теріге сол пайдалырақ.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

— Күн қатты ысығанда тіпті дені сау адамның да демі тарылып, жүрегі қаға бастайды, ауа жетпей, басы айналып, кеудесі қысуы мүмкін. Өйткені, жаз ыстығы жүрекке ауыр тиеді. Жүрек-қан тамырлары ауруы бар адамдар осы мезгілде аса әлсіз, дегенмен дені саулар да абай болғаны жөн, — дейді дәрігер.